



## МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ


2020 жылғы 31 желтоқсанда  
аяқталған жыл үшін Қордың активтері  
бойынша арнайы мақсаттағы  
қаржылық есептілік  
және  
Тәуелсіз аудитор есебі

## МАЗМҰНЫ

Тәуелсіз аудитор есебі

Қор басшылығының қаржылық есептіліктің дайындалуы мен бекітілуі үшін жауапкершілігін растауы	1
Әлеуметтік медициналық сактандыру корының активтері мен пассивтері бойынша есеп	3
Әлеуметтік медициналық сактандыру корының активтердің тұсуі және шығуы туралы есеп	5
Әлеуметтік медициналық сактандыру корының күтпеген шығындарын жабуга арналған резерв қаражатын пайдалану туралы есеп	5
1. Қор туралы жалпы ақпарат	6
2. Қаржылық есептілікті дайындауда негізі	8
3. Есеп саясатының негізгі қағидаты	8
4. Қазақстан республикасының ұлттық банкіне сенімгерлік басқаруға берілген активтер	14
5. Әлеуметтік медициналық сактандыру корының активтерінен комиссиялық сыйакы бойынша кредиторлық берешек	16
6. Ұзак мерзімді резервтер	16
7. Басқа ұзак мерзімді міндеттемелер	16
8. Байланысты тараңтармен мәлімелер	16
9. Қаржылық тәуекелдерді басқарудың мақсаттары мен саясаттары	17
10. Қаржы құралдарының әділ құны	18
11. Шарттық міндеттемелер	19
12. Әлеуметтік медициналық сактандыру корының активтерін орналастыру туралы есеп	20
13. Есепті күннен кейінгі оқиға	36





«Әлеуметтік медициналық сактандыру коры» КЕАҚ-ның Аудиторлық міндеттес мөн Басшылығына

## ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОР ЕСЕБІ

### *Пікір*

Біз «Әлеуметтік медициналық сактандыру коры» КЕАҚ арнайы максаттағы каржылық есептілігіне аудит жүргіздік (бұдан әрі қарай – Қор), Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 612 «Әлеуметтік медициналық сактандыру корының бакылау функцияларын камтамасыз ету үшін каржылық және өзге де есептілігін тізбесін, нысандарын, ұсыну мерзімдерін бекіту туралы» (бұдан әрі – Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 612 бүйрүғы) бүйрүғына сәйкес әзірленген, 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін әлеуметтік медициналық сактандыру корының активтері мен пассивтері жөніндегі есептен (№2-ф нысан), әлеуметтік медициналық сактандыру коры активтерінің түсіү және шығарылуы туралы есептен (№3-ф нысан). әлеуметтік медициналық сактандыру корының күтпеген шығыстарды жабуға арналған резерв қаражатының пайдаланылуы туралы есептен (№4-ср нысан) және әлеуметтік медициналық сактандыру коры активтерінің орналастырылуы туралы есептен (№1-ф нысан), сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелерінің қыскаша сипаттамасын коса алғанда, каржылық есептілікке ескертпелерді камтиды.

Біздін ойымызша, 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін коса берілген арнайы максаттағы каржылық есептілік Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 612 бүйрүғына сәйкес барлық елеулі аспектілерде дайындалған.

### *Пікір білдіру үшін негізделеме*

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (бұдан әрі - ХАС) сәйкес жүргіздік. Біздік міндеттеріміз осы стандарттарға сәйкес төменде «каржылық есептілігіне аудит жүргізу үшін аудитордың жауапкершілігі» атты бөлімінде сипатталған. Біз Бухгалтерлердің халықаралық этика стандарттары кенесінің Кәсіби бухгалтерлер этикасы кодексіне сәйкес (бұдан әрі – БХЭСК) Қоғамға қатысты тәуелсіз болып табылады және біз БХЭСК этика кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттемелерімізді орындағық Біздің тараپымыздан алынған аудиторлық дәлелдер жеткілікті және біздің аудиторлық пікірімізді білдіру үшін негіз болып табылады деп санаймыз.

### *Маңызды жағдайлар-арнайы мақсаттағы қаржылық есептілікті дайындаудың негізі және пайдаланууды шектеу*

Біз арнайы максаттағы каржылық есептілікті Қор Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 612 бүйрүғына сәйкес дайындағанына және басқа максаттарға жарамсыз болуы мүмкін екеніне назар аударамыз.

Тәуелсіз аудитордың бұл есебі Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 612 бүйрүғына сәйкес Қордың арнайы максаттағы каржылық есептілікті дайындау жөніндегі ережелерді Қордың сактауы туралы акпаратты Қордың меншік иесі мен басшылығына ұсынған кезде гана Қордың пайдалануына арналған. Тәуелсіз аудитордың осы есебі кез келген басқа үшінші тарараптарға арналмаған және Біз тәуелсіз аудитордың осы есебіне қатысты Қордан басқа кез келген адамың алдында жауапкершілікті өз мойнымызға алмаймыз, бұл тарараптар мұндай шешімдер үшін толығымен жауапты болады. Бұл біздің пікіріміздің өзгеруіне әкелген жок.

### *Кор басшылығының және корпоративтік басқаруга, арнайы мақсаттағы қаржылық есептілікке жауапты адамдардың жауапкершілігі*

Кор басшылығы Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 612 бүйрүғына сәйкес көрсетілген арнайы максаттағы каржылық есептілікті дайындау және дұрыс ұсыну үшін және басшылық жосықсыз іс-әрекеттер немесе кателер салдарынан елеулі бұрмалаушылықтарды камтымайтын каржылық есептілікті дайындау үшін кажет деп есептейтін ішкі бакылау жүйесі үшін жауапты



болады. Қаржылық есептілікті дайындауда басшылық Қордың өз қызметін үздіксіз жалғастыруын бағалауға, үздіксіздік с қызметке қатысты тиісті ақпаратты жария еткені үшін, қызметтің үздіксіздігі туралы жол берулер негізінде қаржылық есептілікті жасағаны үшін, мына жағдайларды қоспағанда өз қызметін тоқтатуға немесе оны тарату немесе жойылу басқа, кез келген өзге де жағдайлар болмас а, Қордың қабілетін бағалау үшін жауапты болып табылады.

Корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалар Қордың қаржылық есептілігінің дайындығын бақылауға жауапты

#### *Каржылық есептілігіне аудит жүргізу барысында аудитордың жауапкершілігі*

Біздің мақсатымыз қаржылық есептілікте жауапсыз іс-әрекеттер мен қателер салдарынан елеулі бүрмалану қамтылмайтына ақылға сымды сенімді болу және біздің пікіріміз қамтылған аудиторлық есептің басып шығарылуы. Ақылға қонымдылық жоғары сенімділік деңгейін білдіреді, бірақ ХАС-қа сәйкес жүргізілген аудит кез келген жағдайда, елеулі бүрмалану болған кезде оны әрқашан анықтайтынана кепіл болып табылмайды. Бүрмалauлар жауапсыз іс-әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер жекелей немесе жиынтығында осы қаржы есептілігі негізінде қабылданатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне ықпал етуі мүмкін болады деп негізді түрде болжауға болатын болса, манызыдь болып саналады.

ХАС-қа сәйкес жүргізілген аудит шеңберінде, біз кәсіби пікірді қолданамыз және аудит барысында кәсіби скептицизмді сактаймыз. Сондай-ақ біз келесі іс-әрекеттерді орындаімиз:

- жауапсыз іс-әрекеттердің немесе қателердің салдарынан қаржы есептілігінің елеулі бүрмалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық шаралар әзірлеп жүргіземіз және өз пікірімізді білдіру үшін негіз болуы үшін жеткілікті және тиісті болып табылатын аудиторлық дәлелдемелер аламыз. Жауапсыз іс-әрекеттердің нәтижесінде елеулі бүрмаланудың анықталмау тәуекелі қателер нәтижесінде елеулі бүрмалану тәуекеліне қарағанда жоғары болып табылады, себебі жауапсыз іс-әрекеттерге сез байласу, жалғандық жасау, қасақана өткізу, ақпаратты бүрмалап ұсыну немесе ішкі бақылау жүйесінен тыс іс-әрекеттер қамтылуы мүмкін.
- Қордың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатыныз, мән-жайларға сәйкес келетін аудиторлық расімдерді әзірлеу үшін, , аудитке маңызы бар ішкі бақылау жүйесі туралы түсінік аламыз;
- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және бухгалтерлік бағалаулардың негізділігін, сондай-ақ басшылық дайындаған ақпараттың тиісті ашылуын бағалаймыз;
- үздіксіз қызметтегі басшылықтың жол беруді қолданудың заңдылығы туралы қорытынды жасаймыз, ал аудиторлық дәлелдер негізінде – нәтижесінде Қордың өз қызметін үздіксіз жүргізуі жалғастыруға қабілеттілігіне елеулі құдік туындауы мүмкін оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты елеулі белгісіздік бар ма, сол туралы қорытынды жасаймыз. Егер біз айтартықтай белгісіздік бар деген қорытындыға келетін болсақ, біз аудиторлық есепте қаржылық есептілікте ақпараттың тиісті ашылуына назар аударуымыз қажет, ал егер мұндай ақпараттың ашыктығы болмаса, онда пікірімізді жаңғыруымыз (модификайялауымыз) қажет. Біздің қорытындылар біздің аудиторлық есептің күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдемелерге негізделеді. Алайда, алдағы оқиғалар немесе жағдайлар Қордың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін жоғалтуына әкелуі мүмкін;
- Біз қаржылық есептіліктің тұтастай ұсынылуын, оның ішінде ақпаратты ашуды қоса алғанда, оның мазмұнды құрылымын бағалаймыз.

Біз корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалармен ақпараттық өзара әрекет етуді жүзеге асырамыз, оларға басқа мәліметтерден бөлек, аудиттің жоспарланған мелшері мен мерзімдері, сондай-ақ аудиттің қорытындылары бойынша елеулі ескертулер, соның ішінде аудит барысында анықталынатын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы ақпаратты назарларына жеткіземіз.



**Басқа акпарат**

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Қордың арнағы мақсаттағы қаржылық есептілігінің аудитін 2020 жылғы 15 маусымда осы есептілікке қатысты өзгертилмеген пікір білдірген басқа аудитор жүргізді.

**Аудитор**

(аудитордың біліктілік куәлігінің № МФ- 0000801, 2019 жылы 20 мамырда берілген)

050059, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.,  
Әл-Фараби дарын, 19, «Нұрлы-Тау» павильон-орталығы,  
1Б павильон, 301-302 кенсе



**С.С. Рубанов**



**ҚОР БАСШЫЛЫГЫНЫң ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІҢ ДАЙЫНДАЛУЫ МЕН  
БЕКІТІЛУІ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛГІН РАСТАУЫ**

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ басшылығы (бұдан әрі – «Қор») 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының активтері мен пассивтері жөніндегі есептен (№2-ф нысан), әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры активтерінің тусуі және шығуы туралы есептен (№3-ф нысан), әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының болжанбаған шығыстарын жабуга арналған резерв қаражатының пайдаланылуы туралы есептен (№4-ср нысан) және әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры активтерінің орналастырылғаны туралы есептен (№1-ф нысан) тұратын арнайы мақсаттағы), бақылау функцияларын қамтамасыз ету үшін әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының қаржылық және өзге де есептілігінің тізбесін, нысандарын, оларды ұсыну мерзімдерін бекіту туралы «Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 612 бұйрығына» (бұдан әрі – Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 612 бұйрығы), сондай-ақ есепке алу саясатының негізгі ережелерінің қысқаша сипаттамасын қоса алғанда, арнайы мақсаттағы қаржылық есептілікке ескертпелерге сәйкес әзірленген.

Қор басшылығының қаржылық есептілікті дайындау барысындағы жауапкершілігі:

- бухгалтерлік есептің тиісті қағидаттарын таңдау және оларды дәйекті колдану;
- акпараттың орындылығын, дұрыстырылышын және түсінігін қамтамасыз ететін нысандан ақпаратты, оның ішінде есеп саясаты туралы деректерді ұсыну;
- тиянақты пайымдау және бағалардың қолданылуы;
- талаптарды орындау, пайдаланушылардың қандай да бір мәмілелер, сондай-ақ өзге оқиғалар немесе шарттар Қор қызметінің қаржылық жағдайы мен қаржылық нәтижелеріне әсер етуін түсіну үшін жеткіліксіз болған жағдайларда қосымша ақпаратты ашу; және
- Қордың жақын болашақта үздікіз қызметтің жалғастыру кабілеті.

Сонымен катар, Қор басшылығының жауапкершілігі:

- Қордың тиімді және сенімді ішкі бақылау жүйесін жетілдіру, енгізу және қамтамасыз ету;;
- Кез келген сәтте Қордың қаржылық жағдайы туралы ақпаратты жеткілікті дәлдікпен дайындауға және қаржылық есептіліктің ХКЕС талаптарына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 28 маусымдағы № 404 бұйрығының талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін бухгалтерлік есеп жүйесін колдау.
- Бухгалтерлік есепті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізу;
- Қордың активін сактау үшін өз құзыреттіңін шегінде шаралар қабылдау;
- Алайқтық, қате және басқа зұлымдылық фактілерін анықтау және болдырмау.

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін ұсынылған арнайы мақсаттағы қаржылық есептілік ,  
2021 жылы 17 мамырда бекітілді.

Басқарма Төрағасы

Бас бухгалтер

2021 жыл 17 мамыр  
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.



Токежанов Волат Турганович

Миропольская Антонина Альфоновна



МЕДИЦИНАЛЫҚ  
САҚТАНДЫРУ  
ҚОРЫ



Индекс: № 2-Ф

Үйымның атавы «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» ҚЕАҚ

**ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫНЫҢ АКТИВТЕРИ МЕН  
ПАССИВТЕРИ БОЙЫНША ЕСЕП  
2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша**


№	Баптар атавы	Есепті кезеңінц басына (01.01.2020 ж.), мын. тенге	Есепті кезеңінц соцына (31.12.2020 ж.), мын. тенге	
		1	2	3
<b>АКТИВТЕР</b>				
<b>Қысқа мерзімді активтер</b>				
1	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі агым- дағы шоттагы акша	51,517,956	77,746,536	
2	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне сенімгерлік басқаруга берілген активтер, оның ішінде: 2.1 Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі инве- стициялық шоттагы акша	199,215,179	234,321,619	
2.2	Әділ құны бойынша бағаланатын қаржы инвестиция- лары	703	212	
2.3	Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері	102,588,129	185,551,907	
2.4	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі қысқа мерзімді депозиттер	96,626,347	48,769,500	
2.5	«Кері РЕПО» операциялары бойынша талаптар»			
3	Қысқа мерзімді дебиторлық берешек	86,865	5,415,611	
4	Өзге қысқа мерзімді активтер		2,018,616	
5	<b>Қысқа мерзімді активтер жиыны</b>	<b>250,820,000</b>	<b>319,502,382</b>	
<b>Ұзақ мерзімді активтер</b>				
6	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне сенімгерлік басқаруга берілген активтер, оның ішінде: 6.1 Әділ құны бойынша бағаланатын қаржы инвестиация- лары	2,637,053	132,215,666	
6.2	Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері	2,637,053	132,215,666	
6.3	Басқа да ұзақ мерзімді қаржы активтері			
7	Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек			
8	Басқа да ұзақ мерзімді активтер			
9	<b>Ұзақ мерзімді активтер жиынтығы</b>	<b>2,637,053</b>	<b>132,215,666</b>	
10	<b>АКТИВТЕР ЖИЫНЫ</b>	<b>253,457,053</b>	<b>451,718,048</b>	
<b>ПАССИВТЕР</b>				
<b>Қысқа мерзімді міндеттемелер</b>				
11	Денсаулық сақтау субъектілерінің талаптары		45,833,266	
12	Республиканың бюджет трансфертері бойынша кредиторлық берешек			
13	Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының ак- тивтерінен комиссиялық сыйакы бойынша кредиторлық берешек	729,592	679,676	
14	Басқа міндеттемелер			
15	Резервтер			
16	<b>Қысқа мерзімді міндеттемелер жиыны</b>	<b>729,592</b>	<b>46,512,942</b>	
<b>Ұзақ мерзімді міндеттемелер</b>				



**31.12.2020 Ж. АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДЫҚ (МЫҢ ТЕҢГЕМЕН)  
АРНАЙЫ МАҚСАТТАҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІ**

<b>№</b>	<b>Баптар атавы</b>	<b>Есепті кезеңнің басына (01.01.2020 ж.), мын. тенге</b>	<b>Есепті кезеңнің соңына (31.12.2020 ж.), мын. тенге</b>
17	Денсаулық сактау субъектілерінің талалтары		
18	Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер	199,306,917	338,693,263
19	Резервтер ұзақ мерзімді	53,420,544	66,511,843
20	Ұзақ мерзімді міндеттемелер жиыны	252,727,461	405,205,106
21	<b>ПАССИВТЕР ЖИЫНЫ</b>	<b>253,457,053</b>	<b>451,718,048</b>

Басқарма Төрагасы



Токежанов Болат Турданович

Бас бухгалтер



Миропольская Антонина Альфоновна

2021 жыл 17 мамыр  
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.



МЕДИЦИНАЛЫҚ  
САҚТАНДЫРУ  
ҚОРЫ



Индекс: № 3-ф

Ұйымның атапу «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАК

**ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫНЫҢ  
АКТИВТЕРДІҢ ТУСУІ ЖӘНЕ ШЫГУЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП  
2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша**

№	Балтар атапу	Откен кезеңде, мың тенге	Есепті кезеңде, мың тенге
1	<b>Кезең басындағы активтер</b>	<b>120,560,116</b>	<b>199,306,917</b>
2	<b>Активтердің тусуі</b>	<b>127,044,132</b>	<b>584,214,755</b>
	Оның ішінде:		
2.1	Жұмыс берушілердің аударымдары	113,232,616	162,555,258
2.2	Мемлекет жарналары		297,554,616
2.3	Жұмыскерлердің, дара кәсіпкерлердің, жекеше нотариустардың, жеке сот орындаушыларының, адвокаттардың, кәсіби медиаторлардың, азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша кіріс алғын жеке тұлғалардың жарналары	557,774	89,837,863
2.4	Аударымдарды және (немесе) жарналарды төлеу мерзімін өткізу алған үшін алынған есімпұлдар	227,739	447,063
2.5	Есептеген инвестициялық кіріс (шығыс), оның ішінде: 2.5.1 Қаржы құралдары бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер (шығыстар)	13,026,003	32,506,240
2.5.2	Әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар құнының өзгеруінен кірістер (шығыстар)	13,026,003	32,506,240
2.5.3	Өзге активтер құнының өзгеруінен болған кірістер (шығыстар)		
2.5.4	Шетел валютасын қайта бағалаудан кірістер (шығыстар), оның ішінде: 2.5.4.1 Инвестициялық шоттағы ақшаны және өзге де активтерді қайта бағалаудан кірістер (шығыстар)		
2.5.4.2	Қаржы инвестицияларын қайта бағалаудан кірістер (шығыстар)		
2.5.5	Бағалы қағаздардың құнсыздануынан болуы мүмкін шығындарды жабуға арналған резервтерді (провизияларды) қалпына келтіруге (қалыптастыруға) байланысты кірістер (шығыстар)		
2.5.6	Инвестициялық қызметтөн түскен басқа да кірістер (шығыстар)		
2.6	Өзге де түсімдер		1,313,715
3	<b>Активтердің шығуы</b>	<b>48,297,331</b>	<b>444,828,409</b>
	Оның ішінде:		
3.1	Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету жөніндегі қызметтерге акы төлеу		423,951,009
3.1.1	Амбулаториялық-емханалық көмек көрсету бойынша қызметтер		128,001,946
3.1.2	Стационарлық медициналық көмек көрсету жөніндегі қызметтер		248,844,073
3.1.3	Стационарды алмастыратын медициналық көмек көрсету бойынша қызметтер		24,126,381
3.1.4	Фармацевтикалық қызметтер		22,978,609
3.2	Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының резервтерінен акы төлеу, оның ішінде:		



**31.12.2020 Ж. АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДЫҚ (МЫҢ ТЕҢГЕМЕН)  
АРНАЙЫ МАҚСАТТАҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІ**

<b>№</b>	<b>Баптар атавы</b>	<b>Откен кезеңде, мың тенге</b>	<b>Есепті кезеңде, мың тенге</b>
3.2.1	Күтпеген шығыстарға арналған резервтен акы төлеу		
3.2.2	Инвестицияланбайтын қалдық резервінен төлеу		
3.2.3	Басқа резервтерден төлеу Төлеуші қате Төлеген аударымдарды және (немесе) жарналарды және (немесе) аударымдарды және (немесе) жарналарды уақытын және (немесе) толық телемегені үшін есімпұлды кайтару	65,956	204,468
3.3		6,238,847	7,581,633
3.4	Ай сайынғы инвестицияланбайтын қалдықты камтамасыз етуге арналған сома	41,605,140	
3.5	Күтпеген шығыстарды жабуға арналған резервті камтамасыз етуге арналған сома	398,394	13,091,299
3.6	Өзге де резервтерді камтамасыз етуге арналған сома	(11,006)	
3.7		199,306,917	338,693,263
3.8			
<b>4</b>	<b>Кезең соындағы активтер</b>		

Басқарма Төрағасы

*Төкежанов*  
**Төкежанов Болат Тұрғанович**

Бас бухгалтер  
**Миропольская Антонина Альфоновна**

2021 жыл 17 мамыр  
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.



**МЕДИЦИНАЛЫҚ  
САҚТАНДЫРУ  
ҚОРЫ**



Казақстан Республикасы  
Денсаулық сактау министрінің  
2017 ж 16 тамыздағы  
№ 612 бұйрығына  
5-косымша

Индекс: № 4-ср

Ұйымның атавы **«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАК**

**ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫНЫҢ КҮТПЕГЕН  
ШЫҒЫНДАРЫН ЖАБУҒА АРНАЛҒАН РЕЗЕРВ ҚАРАЖАТЫН ПАЙДАЛАНУ ТУРАЛЫ  
ЕСЕП**

№	Баптар атавы	Есепті кезеңде, мың тенге
1	Есепті кезеңнің басындағы болжанбаған шығыстарды жабуга арналған резерв	3,420,544
2	Есепті кезеңде болжанбаған шығыстарды жабуга арналған резервті қамтамасыз ету- ге арналған түсімдердің сомасы	13,091,299
3	Есепті кезең ішінде күтпеген шығыстарды жабуга арналған резервтен алынған со- ма, оның ішінде	
3.1	MMC жүйесінде медициналық көмек көрсету бойынша қызметтерге ақы төлеу, оның ішінде	
3.2	Амбулаториялық-емханалық көмек көрсету бойынша қызметтер	
3.3	Стационарлық медициналық көмек көрсету жөніндегі қызметтер	
3.4	Стационарды алмастыратын медициналық көмек көрсету бойынша қызметтер	
3.5	Фармацевтикалық қызметтер	
3.6	Күтпеген шығыстарды жабуга арналған резервтен өзге де шығып қалулар	
4	Есепті кезеңнің соындағы болжанбаған шығыстарды жабуга арналған Резерв	16,511,843

№	Баптар атавы	Откен кезеңде, мың тенге
1	Есепті кезеңнің басындағы болжанбаған шығыстарды жабуга арналған Резерв	3,022,150
2	Есепті кезеңде болжанбаған шығыстарды жабуга арналған резервті қамтамасыз ету- ге арналған түсімдердің сомасы	398,394
3	Есепті кезең ішінде күтпеген шығыстарды жабуга арналған резервтен алынған со- ма, оның ішінде	
3.1	MMC жүйесінде медициналық көмек көрсету бойынша қызметтерге ақы төлеу, оның ішінде	
3.2	Амбулаториялық-емханалық көмек көрсету бойынша қызметтер	
3.3	Стационарлық медициналық көмек көрсету жөніндегі қызметтер	
3.4	Стационарды алмастыратын медициналық көмек көрсету бойынша қызметтер	
3.5	Фармацевтикалық қызметтер	
3.6	Күтпеген шығыстарды жабуга арналған резервтен өзге де шығып қалулар	
4	Есепті кезеңнің соындағы болжанбаған шығыстарды жабуга арналған Резерв	3,420,544

Басқарма Терагасы

Бас бухгалтер

2021 жыл 17 мамыр

Казақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.



Миропольская Антонина Альфоновна



МЕДИЦИНАЛЫҚ  
САҚТАНДЫРУ  
ҚОРЫ



## **«ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ» КЕАҚ 31.12.2020 Ж. АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДЫҚ (МЫҢ ТЕҢГЕМЕН) АРНАЙЫ МАҚСАТТАҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІ**

### **1. ҚОР ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ АҚПАРАТ**

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Қор») жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын «әлеуметтік медициналық сақтандыру қорын құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 1 шілдедегі № 389 қаулысына сәйкес күрүлди.

2016 жылы 26 қыркүйекте Қор қызметін жүзеге асыру құқығына мемлекеттік тіркеу туралы куәлік беріп тіркеген - Қазақстан Республикасы Астана қаласындағы Әділет министрлігінің Әділет департаменті.

Қорға 160 940 025 485 бизнес-сәйкестендіру нөмірі берілді.

Кордың заңды мекенжайы: 010000, Қазақстан Республикасы, Нұр-сұлтан қаласы, Достық кешесі, 13/3, 14-қабат.

Кордың орталық аппаратының нақты мекенжайы: 010000, Қазақстан Республикасы, Нұр-сұлтан Қ., Достық к-сі, 13/3, 11-16 қабаттар.

Кордың республикалық манызы бар қалаларда және Қазақстан Республикасының облыс орталықтарында (бұдан әрі - КР) филиалдары бар.

Қор Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес негізгі мақсаты ретінде пайда көруді көздемейтін коммерциялық емес акционерлік қоғам болып табылады.

Қор Қазақстан Республикасының халқы үшін медициналық көмекті стратегиялық сатып алушы мәртебесіне ие және «МӘМС» (Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру) және «ТМКК» қаражат жүйесінің (тегін медициналық көмектін кепілдік берілген көлемі) қаржы операторының функцияларын орындайды.

Кордың қызметі реттеледі:

- Қазақстан Республикасының Конституциясымен;
- Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен;
- «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексімен;
- «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 қантардағы № 142 заңымен;
- «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415 заңы;
- «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 16 қарашадағы № 405-V заңымен;
- Кордың жарғысымен;
- Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен, Кордың ішкі құжаттарымен және Кордың органдары мен лауазымды тұлғаларының өз құзыреті шегінде белгіленген тәртіппен қабылданған шешімдерімен.

Қор қызметінің мақсаты Қор активтері есебінен медициналық қызметтерді тұтынушыларға медициналық көмек көрсету жөніндегі құқықтық, экономикалық және ұйымдастыру шараларының кешенін қамтамасыз етуге бағытталған әлеуметтік мақсаттарға қол жеткізу болып табылады.

Қор мемлекеттік монополияла жататын мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру шенберінде түсетін қаржы қаражатын шоғырландыру;
2. Міндетті медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету бойынша қызметтер көрсеттін денсаулық сақтау субъектілері арасында қаржы қаражатын бөлу.

Қор Мемлекеттік монополиямен технологиялық байланысты қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

1. Міндетті медициналық сақтандыру шенберінде медициналық қызметтерді тұтынушылардың есебін жүргізу;
2. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсетуді жүзеге асыратын денсаулық сақтау субъектілерінің есебін жүргізу;
3. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің ақпараттық жүйесі мен электрондық ақпараттық ресурстарын құру және дамыту.

Қор тәмемдегі функцияларды жүзеге асырады:

1. Міндетті медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтерді және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін сатып алу шартында көзделген көлемде және шарттарда медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің қызметтерін сатып алуды және оған ақы төлеуді жүзеге асыру;



## **«ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ» КЕАҚ 31.12.2020 Ж. АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДЫҚ (МЫҢ ТЕНГЕМЕН) АРНАЙЫ МАҚСАТТАҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІ**

2. Денсаулық сақтау субъектілерінің міндettі медициналық сактандыру және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі жүйесінде медициналық қызметтерді тұтынушыларға көрсетілген медициналық көмектің сапасы мен көлемі бойынша шарттық міндettемелерді орындау мониторингі;
3. Міндettі медициналық сактандыру және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі жүйесінде медициналық көмек көрсету мәселелері бойынша азаматтар мен занды тұлғалардың етініштері мен шағымдарын карау

Қор өз қызметін Қордың түсken активтерінен алынатын комиссиялық сыйақы есебінен жүзеге асырады. Комиссиялық сыйақының пайыздық ставкасының шекті шамасын жыл сайын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді. Бұдан басқа, Қор жеке респубикалық бюджеттік бағдарлама есебінен мемлекеттік тапсырманы орындау шенберінде ТМКК қаржыландыруды қамтамасыз ету бойынша қызметтер көрсетеді.

"Міндettі әлеуметтік медициналық сактандыру" туралы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аударымдар, жарналар, аударымдарды және (немесе) жарналарды төлеу мерзімін өткізіп алғаны үшін алынған өсімпұл, инвестициялық кіріс және Қордың қызметін қамтамасыз етуге арналған комиссиялық сыйақыны шегергенде, қорға түсетін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де түсімдер қордың активтері болып табылады.

Мемлекеттік тапсырманы орындағаны үшін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі респубикалық бюджеттік бағдарлама бойынша бөлөтін қаражат ТМКК шенберінде медициналық қызметтерге акы төлеуге байланысты Қордың қызметін қаржыландыру көзі болып табылады.

"Міндettі әлеуметтік медициналық сактандыру" туралы Қазақстан Республикасы Заңының ережелеріне сүйене отырып, 2020 жылы Қордың функциялары МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсетуге Денсаулық сақтау субъектілерінің қызметтерін сатып алу және оларды төлеу жөніндегі операциялармен МӘМС жүйесін әкімшілендіру бөлігінде толықтырылды.

### **Қордың қызметін бакылау**

Қордың құрылтайшысы Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті болып табылады. Қор акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі жүзеге асырады.

### **Меншік іесі**

2020 жылғы 31 желтоқсандағы және 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың жалғыз акционері:

Акция үстаушылардың аты-жөні	Акционерге тиесілі акциялардың саны	Акционерге тиесілі акциялардың дауыс беретін акциялардың жалпы санына пайыздық арақатынасы
«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ ЗТ	Жай акциялар KZ1C60360019, 106,050 дана	100 %

2020 жылғы 31 желтоқсандағы және 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың акционерлік капиталы 106,050 мың тенгени құрады. 106,050 дана жай акциялар жарияланды және орналастырылды (номиналды құны бір данага 1,000 тенге).

2020 жылғы 31 желтоқсандағы және 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың жарғылық капиталы толығымен қалыптастырылды және төленді.

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кор қызметкерлерінің жалпы нақты саны 615 адамды құрады (2019 жылғы 31 желтоқсанға: 721 адам).



## **2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ**

### **2.1. Сәйкестік туралы есеп**

Осы 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін арнайы мақсаттағы қаржылық есептілік «бакылау функцияларын қамтамасыз ету үшін әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының қаржылық және өзге де есептілігінің тізбесін, нысандарын, ұсыну мерзімдерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 612 бұйрығына сәйкес әзірленді.

және есеп берудің келесі негізгі нысандарын қамтиды:

- Қордың активтері мен пассивтері бойынша есеп (№2-ф нысан);
- Қор активтерінің тұсуі және шығуы туралы есеп (№3-ф нысан);
- Қордың болжанбаған шығыстарын жабуға арналған резерв қаражатын пайдалану туралы есеп (№4-ср нысан);
- Қор активтерін орналастыру туралы есеп (№1-ф нысан).
- Есеп саясатының негізгі ережелері және ескертулер

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін ұсынылған қаржылық есептілік 2021 жылы 17 мамырда Қор басшылығымен бекітілді.

### **2.2. Үздіксіз қызмет ұстанымы**

Қаржылық есептілік Қордың жұмыс істейтіндігін және жақын болашакта жұмыс істейтіндігін ескере отырып дайындалған. Осылайша, қор жиналмайды және оны жою немесе өз қызметінің ауқымын едәуір қысқарту қажет емес деп болжанады.

Қаржылық есептілікте, егер Қор өз қызметін Қызметтің үздіксіздігі қағидаты негізінде жалғастыра алмаған жағдайда қажетті түзетулер болмайды.

### **2.3. Есептеу қағидаты**

Бұл қаржылық есептеу қағидаты негізінде дайындалған. Есептеу қағидаты төлем уақытына қарамастан, жасалу факті бойынша мәлімелер мен басқа оқиғалардың нәтижелерін мойындау арқылы қамтамасыз етіледі. Операциялар мен оқиғалар бухгалтерлік есепте көрсетіледі және олар пайда болған қатысты кезеңдердің қаржылық есептілігіне енгизіледі.

### **2.4. Функциональдық валюта және қаржылық есептілікті ұсыну валютасы**

Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы теңге болып табылады. Теңге қордың функциональдық валютасы болып табылады, ейткені қорда болып жатқан оқиғалар мен жағдайлардың экономикалық мәнін көрсетеді. Теңге осы қаржылық есептілікті ұсыну валютасы болып табылады.

Егер басқасы белгіленген болмаса, теңгеде ұсынылған барлық қаржылық ақпарат мың теңгеге дейін дөнгелектелген.

Шетел валюталарында көрсетілген қаржылық есептілік балтарын қайта есептеу үшін, сондай-ақ бухгалтерлік есепте валюталық операцияларды көрсету мақсатында Қор Қазақстан Республикасында белгіленген валюта айырбастаудың ресми бағамын пайдаланады.

## **3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТЫ**

### **3.1. Қордың активтері**

Қордың активтері-қордың қызметін қамтамасыз етуге арналған комиссиялық сыйақыны шегергендеңі аударымдар мен жарналар, аударымдарды және (немесе) жарналарды төлеу мерзімін өткізіп алғаны үшін алынған өсімпүл, инвестициялық кіріс, сондай-ақ Қорға түсетін Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де түсімдер.

Қордың активтері (МӘМС активтері) ТМККК шенберінде республикалық бюджеттен берілетін трансфертер түрінде Қор алған қаражаттан бөлек және Қордың меншікті қаражатынан бөлек есепке алынады.



## **«ӘЛЕУМЕТТИК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ» КЕАҚ 31.12.2020 Ж. АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДЫҚ (МЫҢ ТЕҢГЕМЕН) АРНАЙЫ МАҚСАТТАҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІ**

Кордың активтері мыналар есебінен қалыптастырылады:

1. жарналарды және (немесе) жарналарды уақтылы төлемегені үшін алынған аударымдар, жарналар, айыппұлдар, инвестициялық кірістер Кордың қызметін қамтамасыз ету үшін комиссиялық сыйақыны шегергенде;
2. Қорға Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге түсімдер.

Кор активтері Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде ашылған шоттарда орналастырылған және тек келесі мақсаттарда пайдаланылуы мүмкін:

1. міндettі медициналық сактандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету бойынша денсаулық сақтау субъектілерінің қызметтері үшін төлем;
2. тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастын қаржы құралдарына орналастыру;
3. аударымдардың және (немесе) жарналардың, өзге де қате есептелген қаражаттың артық төленген со-маларын қайтару.

Кор активтерінің шығуы акша немесе акша баламалары қашан төленгеніне қарамастан пайда болған сәтте есепке алынады және есептеу әдісінің негізінде шығу деректері жататын кезеңдегі қаржылық есептілікте көрсетіледі.

### *Басқа да ұзақ мерзімді міндettемелер*

Өзге ұзақ мерзімді міндettемелер МӘМС жүйесі қорының активтері мен активтері бойынша қалған міндettемелер арасындағы айырма шамасын құрайтын МӘМС жүйесі қорының таза активтері болып табылады.

### *Кордың қызметін қамтамасыз етуге арналған комиссиялық сыйақы*

Кор активтерінің комиссиялық сыйақы түрінде істен шығуын Кор ай сайын қор деп таниды және МӘМС-ке алынған аударымдар мен жарналардың жалпы сомасын, МӘМС-ке аударымдарды уақтылы аудармағаны үшін есімпұлды, бір айдағы инвестициялық кірісті көбейту әдісімен және МӘМС-ке артық есептелген (төленген) аударымдардың қайтарылуын және қорға түсетін өзге де түсімдерді шегеріп, Үкімет жыл сайын белгілейтін шекті мөлшерлемеге көбейту әдісімен есептеледі.

Кор өз қалауы бойынша шекті мөлшерден аз ставканы қолдануга құқылы. 2020 жылғы ҚР Үкіметі белгілеген шекті мөлшерлеме 1.47% - дан аспады, 2020 жылғы 1 шілдеден бастап Кор Басқармасының шешімі бойынша нақты мөлшерлеме төмендетілді және 1.19% - ды құрады.

### **3.2. МӘМС-ға аударымдар мен жарналар**

2020 жылғы 1 қантардан бастап МӘМС-ға аударымдарды төлеушілер қызметкерлердің салық салынатын кірістерінің 2% мөлшерлемесі бойынша төлейді.

2020 жылғы 1 қантардан бастап Қорға төленуге жататын МӘМС-ға мемлекеттің жарналары жарналарды есептеу объектісінің 1.4% мөлшерінде белгіленген. Мемлекеттік статистика саласындағы үәкілетті орган айқындаған ағымдағы қаржы жылдының алдындағы екі жылдағы орташа айлық жалақы мемлекеттің жарналарын есептеу объектісі болып табылады.

2020 жылғы 1 қантардан бастап жұмыскерлердің, оның ішінде мемлекеттік және азаматтық қызметшілердің, сондай-ақ азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша табыс алатын жеке тұлғалардың Қорға төленуге жататын жарналары жарналарды есептеу объектісінің 1% мөлшерінде белгіленген.

Жеке кәсіпкерлердің, жеке практикамен айналысатын адамдардың жарналары 2020 жылғы 1 қантардан бастап жарналарды есептеу объектісінің 5% мөлшерінде белгіленген.

Дербес төлеушілердің жарналары 2020 жылғы 1 қантардан бастап жарналарды есептеу объектісінің 5% мөлшерінде белгіленген.

Бірыңғай жиынтық төлемді төлеушілер болып табылатын жеке тұлғалардың жарналары "салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінін (Салық кодексі) 774-бабына сәйкес республикалық және облыстық маңызы бар қалаларда, астанада айлық есептік көрсеткіштің 1 еселенген мөлшерінің 40%-ы және басқа елді мекендерде айлық есептік көрсеткіштің 0,5 еселенген мөлшері мөлшерінде белгіленеді. Бұл ретте республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылдының 1 қантарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің мөлшері қолданылады.



## **«ӘЛЕУМЕТТИК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ» КЕАҚ 31.12.2020 Ж. АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДЫҚ (МЫҢ ТЕҢГЕМЕН) АРНАЙЫ МАҚСАТТАҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІ**

Аударымдар мен жарналар Қордың Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде ашылған ағымдағы шо-  
тина "Азаматтарға арналған үкімет "мемлекеттік корпорациясы" КЕАҚ арқылы қолма-қол ақшасыз аудару  
жолымен түседі. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қорға күнделікті ағымдағы шоттан үзінді  
көшірмені ұсынады, онда МӘМС-га аударымдар мен жарналардың, олар бойынша өсімпұлдардың түсім-  
дері, сондай-ақ МӘМС жүйесінде деңсаулық сактау субъектілерінің қызметтеріне ақы төлеу бойынша опе-  
рациялар көрсетіледі.

### **3.3. Қаржы құралдары**

#### **Қаржылық активтер**

*Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне сенімгерлік басқаруга берілген қаржы активтері*

МӘМС жүйесінің активтері тізбесі мен ең жоғары лимиттері\* Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016  
жылғы 14 сәуірдегі №210 қаулысымен және Қор мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арасында  
жасалған сенімгерлік басқару шартымен айқындалатын қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді қаржы құралда-  
рына инвестицияланады. Активтер есебінен сатып алынған қаржы құралдарын бастапқы тану, кейіннен  
есепке алу және бағалау қордың есеп саясатына, МӘМС жүйесінің активтері есебінен қалыптастырылған  
қордың инвестициялық портфеліндегі қаржы құралдарын есепке алу және бағалау тәртібін реттейтін басқа  
да нормативтік құқықтық актілерге және үәкілдті органның түсіндірмелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

\*Кордың инвестициялық стратегиясында белгіленген Қордың активтерін инвестиациялау үшін қаржы құрал-  
дарының лимиттері былайша берілген:

<b>№</b>	<b>Қаржы құралының түрі</b>	<b>Көр активтерін инве- стициялаудың ең жоғары лимиттері</b>
1	Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған бағалы қағаздарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары (басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес эмиссияланғандарды қоса алғанда)	70%
2	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі депозиттер	50%
3	Қаржы құралы немесе эмитенттің несиелік рейтингі Standard & Poor's шкаласы бойынша «A-» -дан төмен емес немесе Fitch, Moody's Investors Services-тің балама- лы рейтингі бар халықаралық қаржы институттарының облигациялары	25%
4	Агенттік облигациялар, оның ішінде Ұлттық басқарушы холдингтер шығарған, қаржы құралының немесе эмитенттің кредиттік рейтингі Standard & Poor's шкаласы бойынша Қазақстан Республикасының тәуелсіз рейтингінен немесе Fitch-тің мәні бірдей рейтингінен төмен емес облигациялар. Moody's Investors Services	15%
5	Қаржы құралы немесе эмитент рейтингі Standard & Poor's шкаласы бойынша ВВ- ден төмен емес агенттік облигациялар,orporativtik облигациялар немесе Fitch, Moody's Investors Services-тің баламалы рейтингі.	3%
6	Мемлекеттік бағалы қағаздар кепілімен кері РЕПО мәмілелері	70%

Активтерді сенімгерлік басқаруды жүзеге асыру кезеңінде Ұлттық Банк Қордың инвестициялық стратеги-  
ясы шенберінде инвестициялық кіріс алу немесе олар бойынша тәуекелдер мен залалдарды барынша азайту  
мақсатында клиенттің активтерін инвестиациялау бойынша шешімдерді дербес қабылдайды.

Кор қаржы активтері мен міндеттемелерді ол құрал бойынша шарттық ережелердің бір белгі болған кезде  
ғана таниды. Қаржылық активтер мен міндеттемелер мәміле орындалған күнгі есепте танылады.



## **«ӘЛЕУМЕТТИК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ» КЕАҚ 31.12.2020 Ж. АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДЫҚ (МЫҢ ТЕНГЕМЕН) АРНАЙЫ МАҚСАТТАҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІ**

*Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі ағымдағы шоттағы ақша*

Активтер мен пассивтер бойынша есептегі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі шоттардағы ақша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі ағымдағы шоттағы ақша қаражатын қамтиды және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде сенімгерлік басқару шарты бойынша орналастырылған мерзімді банк салымдарын қамтымайды.

### ***Қаржы активтерін есепке алу***

Қор бастапқыда қаржы активтерін мәміле бойынша шығындар сомасына пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын қаржы активтері жағдайында ұлғайтылған әділ құн бойынша бағалайды.

Қаржылық активтер бастапқы тану кезінде пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша (ССЧПУ), амортизацияланған құны немесе басқа жыныстық кіріс арқылы әділ құны (ССЧПСД) ретінде жіктеледі. Жіктеу екі өлшемге байланысты: Қор қаржы активтерін басқару үшін пайдаланатын бизнес-модель және шартта көзделген қаржы құралдары бойынша ақша ағындары "борыштың негізгі сомасының есебіне және борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне проценттер ғана төлемдер болып табыла ма".

Кордың бизнес-моделін бағалау бастапқы қолдану күніне жүзеге асырылды. Шартта көзделген борыштық құралдар бойынша ақша ағындарының тек қана борыштың және пайыздардың негізгі сомасының есебіне төлемдер болып табылатындығын талдау осы активтерді бастапқы тану сәтінде болған фактілер мен мәнжайлар негізінде жүзеге асырылды.

Қарыздық құралдар қаржы активтері негізгі соманың негізгі бөлігі мен өтелмеген бөлігі бойынша пайыздар болып табылатын келісімшарттық ақшалай қаражат ағындарын алу үшін қаржы активтерін ұстап қалуга бағытталған бизнес-ұлғі бойынша ұсталса, амортизацияланған құны бойынша бағаланады. Компания осы санатқа ақша қаражатын, басқа да дебиторлық берешекті қосады.

Компанияда ССЧПУ және ССЧПСД бойынша есепке алынатын қаржы активтері жоқ.

### ***Қаржы құралдарының амортизацияланған құны***

Амортизацияланған құн құнсыздануға арналған резервті шегергенде пайыздың тиімді ставкасының әдісін ескере отырып есептеледі. Есептеу сатып алу кезінде пайда болған сыйлықақылар мен дисконты, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын мәміле бойынша шығыстар мен сыйықыны қамтиды.

### ***Қаржы активтерінің құнсыздануы***

